

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВҚА АШЫҚ ҮНДЕУ

Көшірмеде:

ҚР Сенатының Төрағасы М. С. Әшімбаевқа

Мәжіліс Төрағасы Н.З.Нығматулинге

ҚР Премьер-Министрі А. Ұ. Маминге

Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!

Коронавирустық пандемия әсіресе түрлі бағалаулар бойынша 2-ден 3 миллионға дейін адам жұмыс істейтін бөлшек сауда секторындағы бизнестің қаржылық тұрақтылығының күрт төмендеуіне байланысты халықтың әл-ауқатына айтарлықтай зиян келтірді. Ағымдағы жылдың наурыз айында Сіз жариялаған алғашқы қолдау шараларының бірі - несиелердің төлем мерзімін кейінге қалдыру туралы бастама. Бұл шара әр қарыз алушыға жаңа нақты ахуалда қалай әрекет етуді түсіну үшін біраз уақыт ұтуға септігін тигізді. Сонымен бірге, пандемия толастамады әрі екінші толқынға ұласты, ал екінші толқын аса ауқымдырақ болады деп болжамдалуда, ал жағдай түбегейлі түзелгенше оның артынан тағы бірнеше толқын болжануда.

Соңғы жарты жылда 1 миллионға жуық адам жұмысынан айрылды, тағы 2-3 миллион адам пандемияға байланысты мемлекеттің енгізуге мәжбүр болған шектеу шараларының қатаңдығы дәрежесіне тәуелді. Қазірдің өзінде халық кредиттерді төлеуге байланысты қиындықтарды бастан кешуде, кредиттерді қайтаруға объективті түрде мүмкіндігі жоқ қарыз алушыларға коллекторлар тарапынан қысым күшейе түсуде. Пандемия қаупін сақтау проблеманың ауқымын арттырып, әлеуметтік наразылықтың кең өрісін туғызады. Бұл сондай-ақ несиелер бойынша рақымшылық жасау туралы популистік ұсыныстарды тудырады. Мұндай шаралар бір мәрте жүргізілуі мүмкін, әйтпесе бұл нашар қарыз алушылардың да, алынған несиені төлей алатындардың да уәждемесін айтарлықтай бұзады, бұл өз кезегінде елдің қаржы жүйесін күйретеді. Мемлекет өткен жылы Сіздің бастамаңызбен рақымшылық жасаған, сондықтан бір жылдан кейін қайта рақымшылық жасау жоғарыда көрсетілген салдарларға әкеп соқтырады.

Егер мемлекет кредиттерді есептен шығаруға келіссе, одан туындайтын ел бюджетіне 1,5-2 трлн. теңге салмақ түсіретін жүктеме бұл – бөлек мәселе. Содан кейін бұл жүктемені бүкіл халық пен бизнес көтеруге мәжбүр болады, өйткені бюджетте пайда болған тесікті жабу үшін салықты көтеру қажет. Соңғы жылы (2019 ж. шілдесі- 2020 ж. маусымы) тұтынушылық несиелендіру 13,7% 4,2 трлн. теңгеге дейін өсті. Бұл ретте 2020 жылдың шілде айында ғана банктер жылдық 20%-дан жоғары орташа мөлшерлеме бойынша 308 млрд. теңгенің тұтынушылық кредитін берді. Шамамен қарыз алушылардың 20%-дан астамының (1,3 млн. адам) несиелер бойынша мерзімі өткен берешегі 1,5 трлн. теңгені құрайды (22,1%).

Және, ақырында, әділдік мәселесі бар – мұқтаждықтан емес, өздері мұқтаж емес тауарлар мен қызметтерді сатып алуға несиелер алған қарыз алушыларды бөліп көрсету мүмкін емес. Мұндай рақымшылықтардан тек кредиторлар ғана ұтатынын ескергенде, банктер жауапсыз несиелендіруді ынталандырған кезде, шырғалаң шеңбер пайда болады, ал қарыз алушылардың ішіндегі ең жауапсыздары бір жолғы рақымшылық алып, оны қайтадан талап етеді.

Сонымен бірге, несиесін өтегісі келетін, несиелерін төлей алатын заңға бойұсынған азаматтардың жағдайын ескеріп, несиесін төлей алатындарды електен өткізуге, әрі қарай несиесі кешірілгендерді несиелендіруді болдырмауға, сондықтан да қарыз алушылардың уәждемесін бұзбауға, ақырында ел бюджетіне жүктемені және салықтардың әрі қарай өсімін болжамдамауға мүмкіндік беретін шешім бар.

Бұл шешім – жеке тұлғалардың банкроттық институтын енгізу. Елдердің басым көпшілігінде халықты несиелендіру міндетті түрде жеке тұлғалардың банкроттық институтымен бірге жүреді. Шын мәнінде, бұл бір-бірінен ажырамайтын екі процесс, және бұл ереже бұзылғанда, бүкіл ел деңгейінде ұзақ мерзімді келеңсіз зардаптар пайда болады.

Жеке тұлғалардың банкроттық институтын енгізу қарыз алушының да, кредиттік ұйымның да жағдайын сауықтырады, сондай-ақ әлеуметтік тұрақсыздықты тудырмай, борышты қайта құрылымдау арқылы міндеттемелерін орындауға мүмкіндік береді. Жеке тұлғалардың банкроттығы дамыған елдердің қаржы жүйесін сауықтырудың кең таралған құралы болып табылады, Қазақстан да олардың деңгейіне ұмтылып келеді. Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы Заңды әзірлеу алғашқы дағдарыстың салдарлары бойынша 2009 жылдан бастап енгізілді. Алайда, осы уақытқа дейін проблемалық қарыздар бойынша жағдай өзгерген жоқ. Жеке тұлғалардың банкроттығы бойынша нормативтік шараларды әзірлеу және қабылдау мәселесін одан әрі кейінге қалдыру Қазақстан экономикасы үшін қауіпті болатын кез келді. Жеке тұлғалардың банкроттығын заңнамалық реттеу – бұл Қазақстанның қаржылық тұрақтылығы мен тұрақтылығына жасалған қадам!

БІЗ осы бағытта нақты қадамдар болмаған жағдайда, кредиторлардың талаптарын орындай алмаудан туындаған тұрақсыздыққа тап боламыз деп есептейміз.

БІЗ жеке тұлғалардың банкроттық рәсімдерін қабылдауға ешқандай шектеулер мен кедергілер жоқ екеніне сенімдіміз.

БІЗ Заңды әзірлеуде төменде сипатталған ұсыныстармен шектелмей, қоғамның ортақ күш-жігерімен шешімдер әзірлеуіміз тиіс.

Сіз қолдаған жағдайда, біз Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы Заңды әзірлеу процесінің белсенді қатысушысы болуға дайынбыз. Сіздің түсіністігіңіз бен қолдауыңызға сенеміз!

Үндеуді қолдағандар:

1. Расул Рысмамбетов
2. Мұхтар Тайжан
3. Тогжан Кожалиева
4. Галым Байтук
5. Ануар Боранбаев
6. Айдос Сарым
7. Ерлан Саиров
8. Гульшарат Джантемирова
9. Курмангазы Талжанов